

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/NNRD1489>

***Г. Т. Тлеубердина¹, Т. Берикбол²,
Г. С. Бөкен³, Г. М. Каналина⁴**

^{1,2,3,4}Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,
Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.

*e-mail: gulentleuberdina@inbox.ru

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0574-643X>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0203-1500>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1522-0191>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-7404-9490>

ҚАЗІРГІ АЙТЫСТЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада қазақ халқының ауыз әдебиет үлгілерінің бірі – ақындар айтысы туралы айтылады. Басты назарға тәуелсіздік алғаннан кейінгі ақындардың айтысы алынған. Атап айтсақ, Ринат Зайытов, Әбілқайыр Сыздықов, Аманжол Әлтаев, Жібек Болтанова, Айнұр Тұрсынбаева айтыстары қарастырылады және зерттеу еңбектеріне шолу жасалады. Ерекшеліктері, айырмашылығы мен ұқсастықтары жан-жақты талданады.

Қазіргі айтыстар қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, тәуелсіздік, тіл, жер мәселелерінің батыл көрсетілуімен ерекшеленеді. Айтыс өнері күні бүгінге дейін дамып келе жатқан синкретті жанр. Өйткені айтыс көпшіліктің назарына ұсынылатын, көрсетілетін өнер түрі. Бұрынғы кезде айтыс ақпарат құралдарының көзіне айналса, қазіргі уақытта айтыста елдегі, әлемдегі мәселелерді көтеруші, халыққа жеткізуші құрал. Тәуелсіз кезеңдегі айтыстарда экология, жер мәселесі, жұмыссыздық, жемқорлық, дін, тіл тақырыптары айтылса, қазіргі кезде қымбатшылық, дін мәселесі, тіл мәртебесі сияқты ірі тақырыптар көтерілуде. Бұдан басқа да тақырыптарды айтыскер ақындардың айтыстарынан байқауға болады.

Айтыс қоғамда болып жатқан жаңалықтарды да сынап, кемшіліктерді де көрсетіп, атадан балаға мирас болып келе жатқан мән-маңызы бар жосары жанр.

Кілтті сөздер: айтыс, ақын, тіл, дін, қазақ халқы, ұлттық өнер, халық тағдыры, синкретті жанр, импровизация, әлеуметтік өмір.

Кіріспе

Айтыс – қазақ халық ауыз әдебиет өнерінің бір түрі. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан, суырыпсалмалық пен ақынның бойынан табылатын ой ұшқырлығы, білімінің тереңдігі, ырғақ, мақам, ұлттық аспапта ойнай білуі айтыскер ақынның сегіз қырлы, бір сырлы екенінен хабардар етеді. Әр тақырыпта қарсыласымен айтыса білуі үшін айтыскер ақын тарихтан, әдебиеттен, халықтың мұң-мұқтажы, тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпын өте жақсы білуі қажет. Онымен қоса айтылғандардың бәрін ұйқас пен ырғаққа, бунақ пен мақамға салуы керек. Әр айтыскер ақынның басқа ақындардан ерекшеленетін өз дауыс ырғағы мен әуені де бар. Айтыскер ақын адамның жеке не әлеуметтік, діни, саяси мәселелерді ашық көтеріп, халыққа жеткізе білген. Шындықты айту арқылы халық көңілінен шыққан. Қандай ақын болса да ең әуелі ірі айтысқа түспей тұрып, халық арасында таныла бастайтыны белгілі. Айтыстағы ақынның өнерін жазушы Мұхтар Әуезов: «Жарысқа түсуші ақындар тапқырлықпен, өнерпаздықпен кезек шабуыл қақтығысулары арқылы тыңдаушыларын әр алуан дәрежеде қызықтырып, еліктіріп, неше түрлі құбылыс күйлерге салып отырады... Анығында, ақындар айтысының негізінде өзгеше жанрлық бітім мазмұнында, қолдану дәуірінде қазақтың халықтық театрлық өнерінің мол белгілері бар» – деп бағалаған [1, 10-б.].

Айтыстағы айтыскердің білімі мен мәдениеті және оның негізгі жетекші құралы – домбыраның қызметін де әсте ұмытпаған жөн. Бұл турасында зерттеуші М. Саудабаев: «A word of «aitys» has meanings of telling, debating, describing and competing. Aitys is a syncretic genre that initially started from singings of customs and traditions an continued as word battle of akhyns. For this reason, aitys is rich of lyric, epic and dramatic descriptions. Through this way, this genre was developed simultaneously with other types of oral folklore by influencing and complementing each other» [2, 3-б.], – десе, ал домбыра арқылы шырқалатын әуеннің де айтыстағы рөлін ғалым К.Матыжанов: «The melodies of each part are given in one rhythm» [3, 237-б.], – дейді. Яғни әрбір айтыскердің домбыра шертуі оның ерекшелігін ғана танытып қоймай, көпшілікке әсем әуеннің жеткізу шеберлігін де көрсетеді. Сол сияқты зерттеуші А. Райымқұлова айтысты әуел баста салт-дәстүрді жырлаудан бастау алған синкреттік жанр әрі ақындардың сөз тартысы ретінде жалғасты деген тұжырым жасайды [4, 6-б.].

Ақындар айтысының ұзақ даму жолындағы кезеңдік қалыптасу жолдары мен жанрлық ерекшеліктерін жан-жақты саралай келіп, оны дәстүрлі

айтыс, кеңестік айтыс және тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазіргі айтыс деп топтастыруға болады.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің теориялық негізі ретінде ғалымдардың ғылыми-теориялық еңбектеріне сүйене отырып сараптама жасалды. М. Жармұхамедұлы «Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы» [5, 293-б.], М. Жолдасбеков «Қазаққа Алланың берген сыйы еді» [6, 5-б.], А. Әлтаев «Наркескен: айтыстар» [7, 228-б.], «Қазақ өнерінің антологиясы» – 25 томдық [8, 400-б.] еңбектері негізге алынды. Сонымен қатар, айтыстың тәуелсіздіктен кейінгі даму, қалыптасу кезеңдері қарастырылып, жан-жақты сараланды.

Зерттеу материалы ретінде Р. Зайытов, Ә. Сыздықов, А. Әлтаев, Ж. Болтанова, А. Тұрсынбаеваның айтыстары алынды. Тақырыпты зерттеуде талдау, саралау, салыстыру, анализ, синтез әдістері қолданылды.

Нәтижесі және талқылау

Мақалада зерттеу нәтижелері мен дәлелді тұжырымдардың, қорытынды пікірлердің практикалық мәні үлкен. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі ақындар айтысының даму кезеңдері, тақырыбы мен идеялық ерекшеліктері, көтерген мәселелері жан-жақты сараланады. Әбілқайыр Сыздықов, Аманжол Әлтаев, Жібек Болтанова, Ринат Зайытов, Айнұр Тұрсынбаева сынды айтыскер ақындардың шығармалары басқа айтыскер ақындармен салыстырыла қарастырылады. Айтыстарына талдау жасалынады.

Қазіргі айтыстың негізгі ерекшелігі ретінде оның түр жаңалығын атауға болады. Бүгінгі таңда халықтық мұрадан бастау алған айтыс телеайтыс, мерзімді баспасөз арқылы жазба айтыс түрінде ұлттық рухани қазынамызға қосылған. Әрі айтыстағы көтерілетін тақырыптардың өміршендігі, ұлттық болмыс пен рухани құндылықтарды насихаттай алуы ақындардың білімділігі мен танымының жоғары болуын қажет етеді.

Айтыста ақынның сөзіне, көтерген мәселесіне қарай баға берілетіндіктен, оның айтқаны ақылды, пайдалы болуы қажет. Әріптесінің жауабына лайықты, дәл, сынына ұтымды жауап беруі тиіс. Өзіл-қалжыңды араластыра отырып, ақынның намысына тимей, көрерменнің көңіл-күйін көтеріп, күлдірте жауап берсе тіпті керемет.

Айтыстың түп тамыры қоғамның әлеуметтік саяси және материалдық-экономикалық қатынастарымен байланысты. Сондықтан да қазіргі айтыс ақындары тәуелсіз еліміздің, халқымыздың бүгінгі әлеуметтік өмірін тегіс қамтиды. Басты тақырыбы – ел мен халық, идеясы – саяси-әлеуметтік мұраттар, идеялық-эстетикалық құндылықтар жайы.

Қазіргі уақытқа дейін айтыскер ақындар қоғамдағы, өмірдегі болып жатқан ең көкейкесті мәселелерді көтеріп келеді. Сонымен қатар еліміздің жеткен жетістіктері де сөз етіледі. Мәселен, Ринат Зайытов пен Әбілқайыр

Сыздықовтың айтысын қарастыруға болады. Бір айтыста Әбілқайыр Сыздықов:

Ұлттық рух санамыздан арылып тұр
Мемлекеттік тілдің де мәртебесі
Әлі тек сөз жүзінде жазылып тұр.
Көшенің бәрі шетел шимайлары,
Осыдан-ақ дәрежең алынып тұр.
Қымбатшылық дегенің не масқара
Күннен-күнге құтырып қағынып тұр.
Көшеде жұмыс таппай жүрген халық

Қайтіп күн көремін деп қамығып жүр [9], – дей келіп, ақын мемлекеттік тіл мәселесін, қарапайым халықтың жұмыссыздығымен қоса, нарықтың экономиканың ауытқуы, елде қымбатшылық тудырғанын ащына жырлайды.

Жаңағы ел басқарған ерлеріміз
Шетелден шотын ашып шабынып жүр.
Сыбайластық, жемқорлық, қылмыспенен
Қоғамға сондай індет салынып тұр.
Сен, Ринат, байқаймысың бұл қазағым,
Әлемге қылмыспен де танылып тұр.
Әйтпесе қайсы елден біздер кембіз,
Талайы бізге қайта жалынып тұр.
Дамудың жолын үйреніп алайық деп,
Осылай қарай бәрі шабылып жүр
Қанағат, ынсап, тәртіп болмаған соң
Біздің қазақ осылай тарылып тұр.
Алтын қасықпен ас ішіп жүрмесе де,
Бұйырған несібеден қағылып тұр [9].

Сол сияқты айтыскер бұл айтыста сыбайлас жемқорлық, қылмыстың көптігі сияқты көптің көкейіндегі маңызды мәселелерді көтеріп, халықтың көңілінен шықты. Әрі осы айтыста өнер жарыстырған екі ақынның білімділігі, мәдени және рухани өресі, эрудициясы айқын көрінді. Осы жайында жазушы, ақын Сәбит Мұқанов: «Айтыста озған ақын халық алдында ақындыққа мандат алады. Бұл мандаттың жазылатын қағазы – халықтың жүрегі» – дейді [10, 16-б.].

Аманжол Әлтаев пен Жібек Болтанованың арасындағы айтыста Аманжол:

Жері бай ел болсаң да, даласы тоқ.
Қалтаңа басқан пұлдың бағасы жоқ.
Шенділер шетелдерде емделеді,

Ауылдың дәрі алатын шамасы жоқ.
Елімнің бірлік еді таңдағаны,
Баспасын қара түнек паң даланы.
Көп болды ауылдағы оқырманның
Қолына газет-журнал алмағалы.
Өмірдің жұмбақ болды мақтағаны.
Өтсе де замананың ақтабаны,
Көп болды ауылдағы дархан халық,

Қуатын электрдің жақпағалы [11], – дей келе, кең байтақ жері мен қазба байлықтарға толы еліміз өркендеудің орнына, керісінше, кешегі «ақтабанның заманын» көріп, ауылдарда электр энергиясы болмай, баспасөз материалдарын оқуға қолдары жетпей жүргенін сынап өтеді. Ақын *«шенділер»* синекдохасы арқылы билік басында отырғандарды атайды. Ал табиғат пен қоғамдық өмірдегі құбылыстардың көбісінің түр-түс, бейне, қайғы-қасірет, қаралы сәт, көңілсіздік т.б. осы сияқты күңгірт жақтарына қатыстығына көрсету мақсатында *«қара»* мен *«түнек»* сөздерін тіркестіріп, *«қара»* – адам жанының жабырқаған сәтін, көңілінің жадаулығын көрсетіп, *«баспасын қара түнек паң даланы»* деп қазақ елінің басына қайғы мен қасірет орнамасын деген мағынада қолданады. *«Өтсе де замананың ақтабаны»* жолдарындағы кейіптеу арқылы ақын тарихта болған *«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»* зобалаң кезеңі енді қайталанбасын дейді.

Сөйлейін тереңінен оқталғансын,
Керуені өр Алаштың тоқталмасын.
Қарныңның ашқандығы ештеңе емес
Рухани ашаршылық боп қалмасын!
Ұшқышын өз елінен сайлап алып,
Өркім асыр салады айға барып.
Берген жок бір тиында Ресей көкем,
Жатса да Байқоңырды пайдаланып.
Ел едік Алласына сыйынғандай,
Жолымыз кейде өзгеден қиылғандай.
Париждің бізге берген уәдесі,
Байқаймын осы кезде сұйылғандай.
Коммерциялық ракета ұшырумен,
Ресейге сырттан доллар құйылғандай,
Пайдасынбай Байқоңырдың өзге көріп,
Қазаққа тегулі газ бұйырғандай [11].

Бұл жолдар арқылы ақын Байқоңыр қаласынан ракета ұшырылатындығы және оның пайдасын Ресей мемлекеті көретіндігін айтып отыр. Ақындардың ел намысын көтеріп, шындықты айтуы халықтан қолдау табады. Айтыскер

көпшіліктің және қарсыласының назарын аудару үшін инверсия құбылысын жиі қолданады. Мәселен, *сөйлейін тереңінен оқталғансын, жатса да Байқоңырды пайдаланып, байқаймын осы кезде сұйылғандай, пайдасынбай Байқоңырдың өзге көріп және басқа сөйлем мүшелерінің орын тәртібін өзгертеді.*

Шынында да, акын қоғамдағы жағымсыз әрекеттерді сынға ала отырып, көпшіліктің көкейіндегіні дөп басып, көрерменнің ықыласына бөленеді. Айтыскер халықтың өткені мен бүгінін салыстыра келіп, жақсылығын асырады, кемшілігін боямасыз түрде сынайды, сол арқылы қоғамда резонанс тудырып, жоғары лауазымдағы тұлғаларға қарапайым елдің назын жеткізуді мақсат етеді.

Енді бірде айтыс ақындары тәуелсіздікті халықтың қаншама ғасыр күткен арманы ретінде жырлайды. Бір айтыста Әбілқайыр:

Бірлік барда басында тұрар бағың,
Тәуелсіздік емес пе еді ұлы арманың.
Тарихтың тереңіне көз жіберсе,
Қанша жыл азаттық деп ұрандадың.
Көшпенді көшіп-қонып жүрген қазақ,
Бытырап басыңды да құра алмадың,
Бес жарым ғасыр бұрын дәл осыдан,
Ессіз жау езгісінен шыға алмадың,
Ел үшін туған ерлер атқа қонып.
Ұлы ерлік жасады ұландарың,
Міне сол бабаларды еске алып,
Ардақтап, аруағына жыр арнадың.
Жәнібек, Керей хандар емес пе еді,

Орындап берген елдің ұлы арманын [9], – деген жолдар азаттықты аңсаған халықтың ғасырлық мұраты екенін айтады. Азат ел болу жолында қаншама ата-бабаларымыз құрбан болғанын, ұлан-асыр жеріміздің, тәуелсіз болған еліміздің оңай келмегенін жеткізеді. Ақын *Тәуелсіздік емес пе еді ұлы арманың, Тарихтың тереңіне көз жіберсе/ Ессіз жау езгісінен шыға алмадың, Ел үшін туған ерлер атқа қонып* жолдарында ассонанс пен аллитерацияны жиі қолданады. Әрі *ұлы арман*, *ұлы ерлік* сынды эпитеттерді жиі қолданады.

Ғалым Ш. Қойлыбаевтың: «Кеңестік қоғамның ықпалынан шыққан біздің саяси-қоғамдық өміріміздегі идеологиялық кеңістікті толықтырды. Айтыста қозғалған азаттық идеясы тәуелсіздік алғаннан кейінгі аралықта біздің қоғамдық құрылымымызда басты идеология екендігін айтыс ақындары дәлелдеді. ... әлеуметтік өмір шындығы айтыстың дала демократиясының

мінбері екендігін көрсетті» – деген тұжырымы ойы да айтыскердің билік пен қарапайым халық арасындағы көпір екендігін көрсетеді [12, 6-б.].

Сонымен қатар еліміздегі белең алған жемқорлық мәселесі де көтеріледі.

Мәселен, Айнұр Тұрсынбаева мен Әбілқайыр Сыздықовтың айтысын қарастырсақ, Әбілқайыр ақын:

Ойласа Құл Қожа Ахмет баба тұлға
Ақиқат жолын айтқан дүйім көпке.
Жезөкше-жемқорларға төзе алмай,
Алпыс үште түсіпті қылуатке.
Шет болып жүрген біздің шенеуніктер,
Айта алмайды «Аллаға шүкір» деп те,
Халықтың қалтасына қолын салып
Коттедж, вилла салуда не бір шетке,
Жүрегің, жаның қалай ауырмайды? [13], –

дей келе, ақын кешегі алпыс үшінде қылуатке түскен Қожа Ахмет Яссауидің әрекетін бүгінгі елдегі ардан аттап арсыздыққа барғандардың, шенеуліктердің қарапайым жұртты тонаған жемқорлығын көрген ұлт жанашырларымен аллегориялық тұрғыда салғастырады.

Ертеңгі ел байлығы тегін кетсе.
Жемқорлар өз басының пайдасымен
Бар байлықты тасуда келіншекке.
Бәрінен ең жаманы сыбайластық
Осыны тоқтатуға терін төксе
Патшаныңда жарлығын екі етіп жүр,
Халыққа іс жүзінде шұғыл жетсе.
Әділ заң болғанымен, әлі күнге
Қолымыз жетпей жатыр әділетке.
Иманы бар, жанғаны жол бастайды.
Аяң болып кетсе де айтам сырым көпке
Сондықтан кей министр көкелерді
Үш-төрт жыл ұстау керек қылуатке [13].

Айтыс – бұл ғасырлар бойы жүйелі түрде даму үстінде келе жатқан өнер. Оның өміршендігі де сол айтыс ақындарының дәуірдің саяси, қоғамдық-әлеуметтік сипатын, халықтың тыныс-тіршілігін шынайы түрде өлең арқылы жеткізеді. Мұны зерттеуші С. Бердібаева да атап өтеді: «Aitys is still popular in our days because it is a unique kind of folklore which allows expressing in socially comprehensible form of Kazakh people opinions about positive and negative sides of social life» [14, 3-б.].

Айтыстың негізгі мәні мен түйіні өмір шындығын шынайы түрде көрсету болып саналады. Сөз додасында бетпе-бет келген екі ақын жеңудің

сан алуан жолдарын, амал-тәсілдерін қарастыратыны анық. Айтыстағы ақынның қай-қайсысы да уәжін, көрнекті ойын бірден айта салмай, қарсыластың осал тұсы мен қателесуін күтеді. Оның алдын орайды және қисынды да уәжді сөзбен басым түседі [15, 61-б.]. «In describing the current state of any language, it is necessary to take into account its history and historical changes. Only then will we have the opportunity to get more information about the level of the current development of the language. From this point of view, the discussion of obsolete words in the language of folk aitys will help to learn the history of our people, the history of our language, and to determine the changes in the vocabulary of the literary language» [16, 3-б.], – дей келе, зерттеуші А. Назирова айтыс кез келген тілдің қазіргі жағдайын сипаттай отырып, оның тарихы мен тарихи өзгерістерін ескеретінін, қазіргі айтыс тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерді талқылау халқымыздың тарихын, тіліміздің тарихын танып-білуге, әдеби тілдің сөздік қорындағы өзгерістерді анықтауға септігін тигізетінін тілге тиек етеді. Ал ғалым В. Мамаев: «In general, kazakh folklore is distinguished by the aitys tradition. This difference folklores might be related to the nomadic lifestyle of one nation and to the settled way of life of the other» [17, 115-б.], – дей келе, жалпы қазақ тіліндегі ауыз әдебиеті айтыс дәстүрімен ерекшеленетінін және ол тұтас халықтың салт-дәстүрін танытатынын атап өтеді. Кезінде дәл осындай тұжырымды шетелдік зерттеушілер А. Лопес [18, 36-б.] пен К. Абдуллаева [19, 14-б.] да айтқан болатын.

Шындықты айту арқылы айтыскер ақындарымыз еліміздегі кемшіліктерді көрсетеді. Батыл сөйлеу де – ақындардың бір қыры. Халық арасында осындай ащы шындықты айтып, өрелі мәселелерді көтеріп, әлеуметтік сауалдарды көтерген ақындар жұрт назарында болып, ұмытылмайды.

Ал енді айтыстардың көркемдік ерекшеліктеріне тоқталсақ, Ринат Зайытов пен Әбілқайыр Сыздықовтың айтысында, айтыскер ақын Ринат:

Ассалаумағалейкум, туыстарым
Біздер де бергі ата бір, арғы ата бір,
Ат ойлап, Қабанбайлап тағы келдім,
Бабаңа ақ жол тілеп, ал бата қыл.
Қиянды бір шалайын қыран болып.
Қиялды қанат беріп самғата бір,
Жалауы хандығыңның көтерілсе,
Алауын айбыныңның лаулата біл.
Қазақтың хандығының айтысында,
Жиналып қалмаса екен бар қапа бір,
Ұйқыңды сілкіп тастап ояна алсаң,
Рухыңды тақта отырған ханда таныр.

Армысың, Қазақстан қазақтары!

Қой мінез, қасқыр намыс, қарға тамыр [9], – дей келіп, Ринат Зайытовтың эпитет, теңеу, метафораны айтыста ерекше қолданғандығын көруге болады. Жалпы айтыскер *шалайын қыран болып* метафора, *қиялға қанат бітіру*, *ұйқыны сілкіп тастау* кейіптеулерін жиі қолданады.

Жан едім ақиқатты ар санаған,
Мен бүгін адымымды алшаң алам,
Қасыма хош келдіңіз, Әбілхайыр
Біз үшін бағаң биік бар шағадан,
Түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік,
Түріңе шыныменен тамсана алам,
Арабтың аттарынан айнымайсың,
Апталап шапсадағы шаршамаған.
Шамаңыз жеткенінше жүгіріңіз

Қара ауыз, қарға бойлы, қарсақ адам! [9].

Ақын өзінің қарсыласы Әбілхайырдың болмысын сипаттау үшін *түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік, қара ауыз, қарға бойлы, қарсақ адам* сынды эпитеттерді қолданса, бірде әзілдесе отырып, оны арабтың атына да теңейді.

Тағы бір айтыста Аманжол Әлтаев мен Жібек Болтанованың айтысында, Жібек:

Әнменен, өлеңменен таңды атырған,
Думаншыл менің халқым сан ғасырдан.
Исатай, Махамбеттің ұрпағымыз,
Сойылды ат үстінен алмастырған.
Абыздар Астаналық есен бе екен,
Асыл ой, жақсы сөзді жалғастырған.
Ақ басты Алатауым, ар ма екенсің,
Төрінде Алматының малдас құрған.
Қазағым ақылға бай, көсемсің ғой,
Ал енді тілге келсең, шешенсің ғой.
Айналған алты алаштың арманына,

Алматы мәңгі жұмақ мекенсің ғой [11], – дей келе, айтыскер ақынның сөздерінен ассонанс, эпитет, теңеуді қолданғандығын көруге болады.

Айнұр Тұрсынбаева мен Әбілқайыр Сыздықовтың айтысында, Әбілқайыр:

Алдыңа атой салып келіп жүрміз.
Жаңағы айтып жатқан қиындыққа,
Бір тоқтам болады деп сеніп жүрміз.
Әйтеуір Қыдыр дарып, бақ қарасын.

Дегенмен, жамандықтан сақтанасың.
Қылмыс деген жаһанда тұр ғой қазір,
Дүние болғаннан соң бақ таласың.
Адам ұрып өлтірген қан ішерлер,
Құтырып жүр қу құлқын жақтағасын.
Қырық күні өткенше бейшараның,
Сандалып сотталуға шақ қаласың.
Сүттен ақ, судан таза боп шығады,
Дүние шешкеннен соң ақ-қарасын.
Ертеңнен қандай үміт? қандай рахым?
Туралықты табанға таптаған соң [13].

Айтыста аллитерация, теңеу, риторикалық сұрақты қоя отырып, қарсыласымен ерекше айтысқандығын көруге болады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ 2023–2025 жылдарға арналған ИРН АР 19574645 «Қазіргі қазақ айтысының типологиясы мен поэтикасы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Бүгінгі айтыс болашақта да жалпыхалықтық сұранысқа ие өнер болуы тиіс. Ақын – ел мен халық мұңын ән-жыр арқылы жеткізуші идеолог. Себебі мінберлерден айтылатын сөздер аздық еткенде, айтыс төрінен айтылған ақын сөздері көпшіліктің көкейіне жетіп, рухани серпілтері анық.

Сонымен, айтыс атадан балаға мұра болып қалған өнер. Әр кезең, жыл сайын көтеретін мәселелер мен тақырыптар жаңаруда. Айтыс өнері қалыптасқан уақыттан бастап бәдік айтыс, жар-жар, жануарлар мен адамның айтысы, өлі мен тірінің айтысы, жұмбақ айтыс, қыз бен жігіттің айтысы, ақындар айтысы сияқты түрлері бар.

Айтыста әр ақынның сөз саптауы, мақамы мен интонациясы, киген киімі мен өзін-өзі ұстауы, мимикасы мен ой ұшқырлығы, білімі мен шеберлігі көрінеді. Айтысқа көп түскен ақынның тәжірибесі көп, айтар ойы мен көтерер мәселесі де түрліше болады. Қоғамдық және әлеуметтік мәселелерді көтере отырып, шындықты туралай айтып, халық ықыласына бөленетін ерекше өнер түрі.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Әуезов, М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 2-том. [Мәтін]. – Алматы : Ғылым. – 1998. – 432 б.

2 Saubayeva, M. [Мәтін]. Social Information Exchange in Aitys Performances//Procedia - Social and Behavioral Sciences V. 122. – p. 72–76.

3 **Matyzhanov, K.** [Мәтін]. Ancient saryns and challenges of time // of the national academy of sciences of the republic of kazakhstan series of social and human sciences. – Volume 3, Number 331. – P. 235 – 241.

4 **Raimkulova, A.** [Мәтін]. Kazakh music culture on the globalization crossroads : ethnic traditions versus composer school in intercultural interaction. The Bulletin of national academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. – Volume 2, Number 384. – P. 185–193.

5 **Жармұхамедов, М.** Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. [Мәтін]. – Алматы. – 2001. – 293 б.

6 **Жолдасбеков, М.** Қазаққа Алланың берген сыйы еді. [Мәтін]. Егемен Қазақстан. – 2009. – 5 б.

7 **Әлтаев, А.** Наркескен : айтыстар. [Мәтін]. – Астана : Фолиант. – 2014. – 288 б.

8 Қазақ өнерінің антологиясы. 25 томдық. Құраст. М. Жолдасбеков, С. Негимов. [Мәтін]. – Астана : Күлтегін. – 2014 – 400 б. (қаз).

9 YouTube. Айтыс – аманат. Ринат Зайытов пен Әбілқайыр Сыздықов. [Электронды ресурс]. – URL : https://youtu.be/RI7yGpR9IKQ?si=gCNPqwZvzE_1lyWS (Дереккөзге жүгінген күн: 14.12.2023).

10 **Мұқанов, С.** Айтыстар туралы. Айтыс. 1-том. [Мәтін]. –Алматы : Жазушы, 1965. – 328 б.

11 YouTube. Айтыс – аманат. Аманжол мен Жібек. [Электронды ресурс]. – URL : https://youtu.be/QxEfVStrP9E?si=P0U_HtcEwrrfLRGC (Дереккөзге жүгінген күн : 14.12.2023).

12 **Қойлыбаев, Ш.** Қазіргі айтыстың идеялық-көркемдік ерекшеліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертацияның авторефераты. [Мәтін]. – Астана. – 2009. – 6 б.

13 YouTube. Айтыс. Айнұр Тұрсынбаева мен Әбілқайыр Сыздықов. [Электронды ресурс]. – URL : <https://youtu.be/sfk8oA0RV9o?si=RgPD2GVz8sDjnHhD> (Дереккөзге жүгінген күн: 14.12.2023).

14 **Berdibayeva, S.et all** [Мәтін]. Psychological Structure of «Aitys» as a Process of Oral Creative Competition in Kazakh Traditional Folklore// World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Humanities and Social Sciences. – Vol:6, No:5, – P. 857–859

15 **Teuberdinga, G. et all** [Мәтін]. Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world//Astra Salvensis. p. 59–65

16 **Nasirova, A.** [Мәтін]. The historical wordsin karakalpak folk aitys// European Scholar Journal (ESJ) Available. 4 No.10. – October. – P. 3

17 **Mamayev, Z. B.** [Мәтін]. *Kazakh-Uzbek Literary Relations: History and Specificity of Literary Translation*. // *International Journal of Society, Culture & Language*, 9(2). – P. 115.

18 **López, A. J.** [Мәтін]. *Comparative literature as transaction; or, doing business with the other*. // *Comparative Literature Studies*, 57(1). – P. 32–40.

19 **Abdullayeva, K.** [Мәтін]. *Linguistic Picture of the World in the Poetry of M. Kopeev*. // *Utopía y Praxis Latinoamericana*, Universidad del Zulia, Venezuela. vol. 25, no. Esp.6. – P. 14.

References

1 **Auezov, M.** *Shygarmalarynyn elu tomdyk tolyk zhinagy* [The complete works of M. Auezov in fifty volumes]. [Text]. Volume 2. ISBN 978-601-294-144-9.

2 **Saudbayeva, M.** *Social Information Exchange in Aitys Performances* [Text]. // *Procedia – Social and Behavioral Sciences* V. 122. – p. 72 – 76.

3 **Matyghanov, K.** *Ancient saryns and challenges of time* [Text]. // *Of the national academy of sciences of the republic of kazakhstan series of social and human sciences*. Volume 3, Number 331. – p. 235–241.

4 **Raimkulova, A.** *Kazakh music culture on the globalization crossroads: ethnic traditions versus composer school in intercultural interaction*. [Text]. *The Bulletin of national academy of sciences of the Republic of Kazakhstan*. Volume 2, Number 384, – p. 185–193

5 **Jarmuhamedov, M.** (2001) *Aitys olenderinin argy tegi men damuy* [The origin and development of aitys poems]. [Text]. –Almaty. – 293 p. (in Kaz).

6 **Zholdasbekov, M.** (2009) *Qazaqqa Allanyń bergen syiy edi* [Was a gift from Allah to the Kazakh] // *Egemen Qazaqstan*. [Text]. – 5 p. (in Kaz).

7 **Altaev, A.** (2014) *Narkesken aitystar* [Narkesken: aitysy]. [Text]. – Astana : Foliyant. – 288 p. (in Kaz).

8 *Qazaq onerinin antologiasy* [Anthology of Kazakh art]. (2014) 25 tomdyq. Kurast. M. Zholdasbekov, S. Negimov. [Text]. – Astana : Kultegin. – 400 p. (in Kaz).

9 YouTube. *Aitys – amanat*. Rinat Zaiytov and Abilqaiyr Syzdykov. [Electronic resource]. – URL : https://youtu.be/Rl7yGpR9IKQ?si=gCNPqwZvzE_1lyWS (Accessed: 14.12.2023).

10 **Mukanov, S.** *Aitystar turaly* [About the aitys]. *Aitys*. 1-tom. [Text]. – Almaty : Jazushy. – 328 p.

11 YouTube. *Aitys – amanat*. Amanzhol and Zhibek. [Electronic resource]. – URL : https://youtu.be/QxEfVStrP9E?si=P0U_HtcEwrrfLRGC (Accessed: 14.12.2023).

12 **Koilybaev, Sh.** Ideological-artistic features of modern speech. The author's abstract of the candidate's thesis prepared for obtaining the scientific degree of candidate of philological sciences. [Text]. – Astana, 2009. – p. 6.

13 YouTube. Aitys. Ainur Tursynbaeva and Abilqaiyr Syzdykov. [Electronic resource]. – URL : [Electronic resource]. – URL : <https://youtu.be/sfk8oAR0RV9o?si=RgPD2GVz8sDjnHhD> (Accessed: 14.12.2023).

14 **Berdibayeva, S. et al.** Psychological Structure of «Aitys» as a Process of Oral Creative Competition in Kazakh Traditional Folklore [Text]. // World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Humanities and Social Sciences. Vol:6, No:5, – p. 857–859.

15 **Tleuberdina, G. et al.** Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world [Text]. // Astra Salvensis. p. 59–65.

16 **Nasirova, A.** The historical words in karakalpak folk aitys. [Text]. // European Scholar Journal (ESJ) Available. 4 No.10, October. p. 3.

17 **Mamayev, Z. B.** Kazakh-Uzbek Literary Relations: History and Specificity of Literary Translation. [Text]. // International Journal of Society, Culture & Language, 9(2). – p. 115.

18 **López, A. J.** Comparative literature as transaction; or, doing business with the other. [Text]. // Comparative Literature Studies, 57(1), 32–40.

19 **Abdullayeva, K.** Linguistic Picture of the World in the Poetry of M. Kopeev. [Text]. // Utopía y Praxis Latinoamericana, Universidad del Zulia, Venezuela. vol. 25, no. Esp.6. – p. 14.

29.12.23 ж. баспаға түсті.

11.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. Т. Тлеубердина¹, Т. Берикбол², Г. С. Бокен³, Г. М. Каналина⁴

^{1,2,3,4}Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова,

Республика Казахстан, г. Кокшетау.

Поступило в редакцию 29.12.23.

Поступило с исправлениями 11.04.24.

Принято в печать 26.08.24.

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ И ТЕМАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СОВРЕМЕННЫХ АЙТЫСОВ

В статье рассказывается об одном из образцов устной литературы казахского народа – айтыс акынов. Основное внимание уделяется выступлениям поэтов после обретения независимости.

В частности, рассматриваются выступления Рината Заитова, Абилхаира Сыздыкова, Аманжолы Алтаева, Жибек Болтановой, Айнура Турсынбаевой и дается обзор их исследовательских работ. Подробно анализируются особенности, их различия и сходства.

Современные айтысы отличаются смелым представлением общественных, социальных, экономических и политических проблем, вопросами независимости, языка и земли. Искусство айтыса – синкретический жанр, развивающийся и по сей день. Потому что айтыс – это вид искусства, который представлен публике. В прошлом айтыс был источником средств массовой информации, но сейчас айтыс является средством поднятия проблем в стране и мире, донесения их до народа. В период независимости обсуждались вопросы экологии, земельных вопросов, безработицы, коррупции, религии и языка, но в настоящее время поднимаются такие важные темы, как дороговизна, религия и языковой статус. Также можно найти и другие темы в выступлениях поэтов.

Айтыс – это весьма содержательный жанр, критикующий происходящие в обществе новости, показывающий их недостатки и передающиеся от отца к сыну.

Ключевые слова: айтыс, акын, религия, казахский народ, айтыскер, язык, национальное искусство, поэт, судьба народа, синкретный жанр, импровизация, социальная жизнь.

*G. T. Tleuberdina¹, T. Berikbol², G. S. Boken³, G. M. Kanalina⁴

^{1,2,3,4}Sh. Ualikhanov Kokshetau University,

Republic of Kazakhstan, Kokshetau.

Received 29.12.23.

Received in revised form 11.04.24.

Accepted for publication 26.08.24.

ARTISTIC AND THEMATIC FEATURES OF MODERN AITYS

The article talks about one of the examples of oral literature of the Kazakh people – aitys akyns. The main attention is paid to the performances of poets after independence. In particular, the speeches of Rinat Zaitov, Abilkhair Syzdykov, Amanzhol Altaev, Zhibek Boltanova, Ainur Tursynbaeva are considered and an overview of their research work is given. Their features, differences and similarities are analyzed in detail.

Modern aitys are distinguished by their bold presentation of public, social, economic and political problems, issues of independence, language and land.

Aitys' art is a syncretic genre that is still developing to this day. Because aitys is an art form that is presented to the public. In the past, aitys was a source of media, but now aitys is a means of raising problems in the country and the world, bringing them to the people. During the independence period, issues of ecology, land issues, unemployment, corruption, religion and language were discussed, but nowadays important topics such as cost, religion and linguistic status are being raised. You can also find other topics in the speeches of poets.

Aitys is a very meaningful genre that criticizes the news happening in society, shows their shortcomings and is passed on from father to son.

Keywords: aitys, syncretic genre, aitysker, language, Kazakh people, national art, poet, the fate of the people, syncretic genre, improvisation, social life.

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz